

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Балқаш филиалы**

**Филиал туралы мәлімет**

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Балқаш филиалының тарихы:

1. Халық депутаттарының Балқаш аудандық Советі атқару комитетінің 1989 жылғы 21 ақпан № 4-44 шешімімен Алматы облыстық архивінің Балқаш филиалы құрылды.

2. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 28.05.2018 жылғы № Б-47 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Балқаш филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Балқаш филиалы болып өзгертілген.

3. Филиалдың штат саны – 5.

4. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Балқаш ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде

пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

## **5. Қор және құжаттар саны:**

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 124 қордың 30803 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Балқаш ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Ұлы Отан соғысы ардагерлері – С. Алтынбаевтың, Қ. Несіпбаевтың, ауданның құрметті азаматы, интернационалист – жауынгер М. Қожабековтың, ауданның құрметті азаматы Б. Сқабаевтың құжаттары сақталынуда.

## **6. Жинақтау көздерінің саны - 35**

Филиал «Бақанас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында орналасқан.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Балқаш филиалы  
Д.Қонаев көшесі, 75,  
Бақанас ауылы,  
Балқаш ауданы,  
Алматы облысы,  
Индекс: 040300,  
Телефон: 8 (72773)95-3-42  
E-mail: [\\_bakanas\\_arhiv@mail.ru](mailto:_bakanas_arhiv@mail.ru)

**Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:**

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

Сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін

Түскі үзіліс: 13:00-ден 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі